



# ПРИОЗЕРСКИЙ Вестник

№ 51/695  
18 декабря 2020 года

## ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІНЕ ОРАЙ ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТТАРЫ ТҮСІП ЖАТЫР



Қасым-Жомарт Тоқаевтың атына Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай шет мемлекеттердің басшылары мен халықаралық ұйымдардың жетекшілерінен құттықтау жеделхаттары келіп түсіп жатыр, деп хабарлайды Egemen.kz Ақорданың баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

Германия Федеративтік Республикасының Президенті Франк-Вальтер Штайнмайер жеке өзінің және бүкіл елінің атынан Қазақстан халқын Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтады.

«Тәуелсіздік алған сәттен бастап екі елді достық әрі тығыз қатынастар біріктіреді. Қазақстандағы этникалық немістер өз мәдениетіне деген құрметке ие бола отырып, елдеріміз арасын байланыстырушы алтын көпір болып отыр. Сіздің Берлинге жасаған былтырғы сапарыңыз біздің ынтымақтастығымызға қосымша серпін берді. Германия болашақта Қазақстанның сенімді серіктесі болып қала береді», делінген ГФР Президентінің жеделхатында.

Рим Папасы Франциск құттықтау хатында Қазақстан Президентін Тәуелсіздік күнімен құттықтап, барлық елдің бейбітшілік пен ынтымақтастықта болуына және құдайдың ризашылығына бөлене беруіне тілектестік білдірген жүректарды сөздерін жеткізген.

Қазақстанның Тәуелсіздік алғанына 29 жыл толуына орай Қасым-Жомарт Тоқаевқа Қырғыз Республикасы Президентінің міндетін атқарушы Талант Мамытов та құттықтау хатын жолдады.

«Қазақстан Республикасы тәуелсіздік жылдары мемлекетті қалыптастыру, саяси және әлеуметтік-экономикалық даму ісінде үлкен табысқа қол жеткізді, халықаралық аренадағы еліміздің беделі біртіндеп нығайып келеді. Қырғыз Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы тату көршілікке, стратегиялық серіктестікке және одақтастық байланыстарға негізделген екіжақты қатынастар екі елдің игілігі үшін одан әрі дамып, тереңдей беретініне сенімдімін», делінген жеделхатта.

Аустрияның Федералдық Президенті Александр Ван дер Беллен өзінің құттықтауында барлық қазақстандықтарға бақ-береке тілеген.

«Елдеріміз арасында қалыптасқан жақсы достық қарым-қатынастар экономика және энергетика салаларындағы ынтымақтастықтың одан әрі дамып, кеңеюіне септігін тигізеді деп сенемін», деп жазған Аустрия Президенті.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаевтың атына құттықтау жеделхаттарын Нидерланд Королі Виллем-Александр, Канаданың Генерал-губернаторы Жюли Пайетт, Малайзияның Премьер-Министрі Тан Сри Мухиддин Ясин, Тайланд Корольдігінің Премьер-Министрі Прают Чан-Оча, Аустралия Генерал-губернаторы Дэвид Херли, Никарагуа Президенті Даниель Ортега Сааведра және Никарагуаның Премьер-Министрі Росарио Мурильо жолдады.

Дерек-көз: [www.egemen.kz](http://www.egemen.kz)  
2020ж.16.12.

## МЫ СИЛЬНЫ ЕДИНСТВОМ И СПЛОЧЕННОСТЬЮ – ТОҚАЕВ ОБРАТИЛСЯ К КАЗАХСТАНЦАМ

Глава государства Касым-Жомарт Тоқаев поздравил казахстанцев с Днем Независимости, передает Kazpravda.kz.

конкретными делами и новыми проектами. Мы уйдем от формата громких акций и пафосных мероприятий, вся работа будет



"Поздравляю всех соотечественников с Днем Независимости!"

Следующий год ознаменует 30-летие славной истории страны. Мы сильны единством и сплоченностью. Наша общая цель – трудиться на благо Родины, на благо Независимого Казахстана", – написал Глава государства в Twitter.

Напомним, ранее Касым-Жомарт Тоқаев анонсировал новый пакет реформ в Казахстане.

"Предстоящий год станет для нас рубежным. Он пройдет под знаком 30-летия Независимости нашей Родины. Это время для подведения итогов и осмысления пройденного пути. Мы отметим эту важнейшую для нашего народа дату

выстроена максимально прагматично. Мы продолжим реализацию объемного комплекса системных мер в экономике, социальной сфере, экологии. Уделим пристальное внимание нуждам и потребностям всех слоев населения, особенно молодежи, женщин, людей с ограниченными возможностями. Мы твердо намерены продолжить процесс политической модернизации страны", – сказал Президент, выступая 14 декабря на торжественной церемонии вручения государственных наград и премий.

Источник: [www.kazpravda.kz](http://www.kazpravda.kz)  
16.12.2020г.

### 16-желтоқсан

– ҚР Тәуелсіздігі күні

Бүгін өткенін ұмытпаған, батырларын ұлықтаған ұлан-ғайыр атырапта ұлы мереке. Бұл мереке - Тәуелсіздігімізге 29 жыл толуы. Тәуелсіздігіміз - біздің баға жетпес байлығымыз, халқымыздың бақыты, ұлтымыздың ұлы мұраты.



Тәуелсіздік пен Желтоқсан деген қос ұғымда қаншама тарих, қаншама тағдыр, қаншама биік армандар мен үміттер жатыр. Бұл мереке - қайсар ата-бабамыздың талай

қиындықты бастан кешірсе де еш мойымай күресе біліп, азаттықтың ақ



таңының туатынына кәміл сенгендігінің арқасы. Қазіргі таңда қасиетті мекенде, асқақтаған елімізде 130-дан аса ұлт өкілдері тұрады. Олардың әрбірі Отанымызды жанындай сүйіп, көк байрағымызды көкке көтеруді мақтан

тұтады.

Осынау ұлық мерекемізге байланысты «Приозерск қалалық кітапханасы» КММ Білім орталығында «Тұғыры биік-тәуелсіз Қазақстан»

атты тарихи-танымдық кеш өткізілді. Бұл кеште тәуелсіздік жолындағы халқымыздың бастан кешкендері, тарихы туралы мәлімет берілді. Тақырыпқа сай кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Еліміздің еңсесі биік, туымыздың тұғыры биік, тәуелсіздігіміз мәңгі болсын!

Балшекер Пирмаханова,  
оқырмандарға қызмет ету бөлімінің  
кітапханашысы







## САЙЛАУ-2021

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МАСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫН ПАРТИЯЛЫҚ ТІЗІМДЕР БОЙЫНША САЙЛАУ КЕЗІНДЕ САЙЛАУ ҚОРЛАРЫ ҚАРАЖАТЫНЫҢ ТҮСУІ ЖӘНЕ ЖҮМСАЛУЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

(Арнаулы уақытша шот ашу және сайлау қорының қаражатын жұмсау қағидаларының 23-тармағына сәйкес)

2020 жылғы 15 желтоқсандағы жағдай бойынша

№	Іс-шаралардың атауы	Саяси партиялардың атаулары
		"NUR OTAN" партиясы "қоғамдық бірлестігі"
1	Саяси партиялардың сайлау қорына түскен қаражаттың барлығы, оның ішінде:	3000000
1.1	"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 106-бабы 2-тармағының 1-тармағына сәйкес саяси партияның өз қаражаты	3000000
1.2	"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 106-бабы 2-тармағының 1-тармағына сәйкес Республика азаматтары мен ұйымдарының ерікті қайырмалдықтары	0
2	Сайлау қорының саяси партиялар жұмсаған қаражатының барлығы, оның ішінде баспа, дыбыс-бейне және өзге де үгіт материалдарын шығаруға және таратуға, үгіт жұмысын ұйымдастыру бойынша заңды және жеке тұлғаларға ақы төлеуге, сайлау алдындағы жария іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге, партиялық тізімдерге енгізілген кандидаттардың, саяси партиялардың сенім білдірген адамдарының сайлау алдындағы үгітпен байланысты көлік және іссапар шығыстарын жабуға, кез келген тіркелген бұқаралық ақпарат құралдарында сөз сөйлеуге, баспа материалдарын, сондай-ақ сайлау науқаны үшін басқа да белгілер мен нышандарды дайындауға	1966411

Приозерск қалалық сайлау комиссиясы  
"Қазақстан Халық Жинақ Банкі"  
Акционерлік қоғамының деректері негізінде

## ВЫБОРЫ-2021

## ОТЧЕТ О ПОСТУПЛЕНИИ И РАСХОДОВАНИИ СРЕДСТВ ИЗБИРАТЕЛЬНЫХ ФОНДОВ ПРИ ВЫБОРАХ ДЕПУТАТОВ МАСЛИХАТОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО ПАРТИЙНЫМ СПИСКАМ

(в соответствии с п.23 Правил открытия специального временного счета и расходования средств избирательного фонда)

По состоянию на 15 декабря 2020 года

№	Наименования мероприятий	Наименования политических партий
		Общественное объединение "Партия NUR OTAN"
1	Всего поступления средств в избирательный фонд политических партий, в т.ч.:	3000000
1.1	Собственные средства политической партии, согласно пп.1 п.2 ст.106 Конституционного закона Республики Казахстан "О выборах в Республике Казахстан"	3000000
1.2	Добровольные пожертвования граждан и организаций Республики Казахстан, согласно пп.2 п.2 ст.106 Конституционного закона Республики Казахстан "О выборах в Республике Казахстан"	0
2	Всего израсходовано средств избирательного фонда политическими партиями на выпуск и распространение печатных, аудиовизуальных и иных агитационных материалов, оплату юридических и физических лиц по организации агитационной работы, организацию и проведение публичных предвыборных мероприятий, на покрытие транспортных и командировочных расходов кандидатов, включенных в партийные списки, доверенных лиц политических партий, связанных с предвыборной агитацией, выступления в любых зарегистрированных средствах массовой информации, изготовление печатных материалов, а также других знаков и символов для избирательной кампании.	1966411

Приозерская городская избирательная комиссия  
на основании данных Акционерного Общества  
"Народный Сберегательный банк Казахстана"

## ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ САЙЛАУАЛДЫ ШТАБЫНЫҢ ПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Парламент Мәжілісі мен мәслихат депутаттары сайлауын тағайындау туралы үндеу жариялап, тиісті Жарлыққа сәйкес, Мәжіліс және мәслихат сайлауы 2021 жылдың 10 қаңтарында өтеді деп бекітілді.

2020 жылдың 11 желтоқсанында "Nur Otan" партиясы Приозерск қалалық филиалында сайлауалды штабының ашылу презентациясы өтті. Ашылуына қалалық мәслихат депутаттығына үміткерлері және штаб мүшелері қатысты. Іс-шараны «Nur Otan» партиясы Приозерск қалалық сайлауалды штабының төрағасы Д.О. Дүйсембаев ашып, кезіргі таңда халықтың әр түрлі топтарын қамтитын нақты іс-шаралар жоспары жасалғанын, сонымен қатар штабтың іс-шараларының желілік кестесі дайындалғаны жайлы атап өтті. Іс-шаралар өткізу барысында эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, барлық қауіпсіздік ережелері

сақ-талатындығы жайлы және бірқатар іс-шараларды онлайн режимінде өткізу жоспарланғаны туралы атап өтті. Насихаттау кезінде білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, отбасыларға, әйелдерге, жастарға және қарт адамдарға қолдау мәселелеріне ерекше назар аударып-латындығы мәлімденді.

**«NUR OTAN» партиясына 2021 жылдың 10 қаңтар күні дауыс беруге шақырамыз.**

**БІЗ ҚИЫНДЫҚТЫ ЕҢСЕРІП,  
ЖЕҢІСКЕ БІРГЕ ЖЕТЕМІЗ!**

**«Nur Otan» партиясының  
Приозерск қалалық  
сайлауалды штабы**

*Үгіттік материал*

2020-жылдың 10-желтоқсанындағы  
№116-7-2-2 келісім-шартқа сәйкес

«Нұр Отан» партиясы» ҚБ» Қарағанды облысы Приозерск қалалық мәслихатының депутаттарын сайлауындағы Сайлау қорынан төленді

## ПРЕЗЕНТАЦИЯ ПРИОЗЕРСКОГО ГОРОДСКОГО ПРЕДВЫБОРНОГО ШТАБА

Президент Касым-Жомарт Кемелович Тоқаев издал обращение о назначении выборов депутатов Мажилісі и маслихатов Парламента, и согласно соответствующему Указу выборы в Мажиліс и маслихаты состоятся 10 января 2021 года.

приятія будут соблюдены все правила безопасности с учетом эпидемиологической ситуации, а ряд мероприятий планируется провести в режиме онлайн. В ходе агитационного периода особое внимание будет уделено образованию, здравоохранению, социальному обеспечению, поддержке



11 декабря 2020 года в Приозерском городском филиале партии "Nur Otan" состоялась презентация избирательного штаба. В презентации приняли участие кандидаты в депутаты городского маслихата и члены штаба. Выступил с вступительным словом руководитель Приозерского городского предвыборного штаба партии "Nur Otan" Д.О. Дюсембаев.

В своем слове Дулат Орынбарович отметил, что разработан конкретный план действий, охватывающий различные группы населения, а также сетевой график деятельности штаба. Он отметил, что во время меро-

семей, женщинам, молодежи и пожилым людям.

**Приглашаем проголосовать за партию "Nur Otan" 10 января 2021 года.**

**ПРЕОДОЛЕВ ИСПЫТАНИЯ,  
ПОБЕДИМ ВМЕСТЕ!**

**Приозерский городской  
предвыборный штаб  
партии «Nur Otan»**

Агитационный материал оплачен согласно Договора №116-7-2-2 от 10.12.2020 г. из Избирательного фонда ОО "Партия "Нур Отан" на выборах депутатов Приозерского городского маслихата Карагандинской области.



## ЕР ЕСІМІ ЕЛ ЕСІНДЕ



Ағымдағы жылдың 9-шы желтоқсанында «Приозерск қалалық кітапханасы» мемлекеттік мекемесі қорына келіп түскен, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша қала әкімі Камзин Қайрат Амангелдіұлының идеясымен Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің құрастыруымен қалың оқырманға жол тартқан 1941-45 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңістің 75 жылдығына арналған «Ер есімі ел есінде» атты кітап-альбомның тұсау кесері өткізілді.

Кітаптың жарыққа шығу мақсаты: Ұлы Отан соғысына қатысқан және тылда еңбек еткен жерлестеріміздің өмірі мен ерлік істерін болашақ ұрпақтың жадында сақтау және патриоттық тұрғыда тәрбиелеу болып табылады. Приозерск қалалық әкімдігінің қолдауымен жарыққа шыққан



### Ұлы Жеңістің

### 75 жылдығына орай

бұл кітапқа 1956 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Приозерск қаласында тұрған және тұрып жатқан жерлестеріміз туралы естеліктер мен деректер, олардың фотосуреттері енгізілген. Сондай-ақ, Ауған соғысына қатысып, елге аман-сау оралған жерлестеріміз туралы мәлімет-терді де оқи аласыздар.

Соғыс және тыл ардагерлерінің өздері өмірден өтсе де, жарқын бейнелері ұрпақтың жадында мәңгі қала береді. Сұм соғыста бақайшағына дейін қаруларға жаумен арпалысып, бейбіт өмір мен мамыражай тірлік үшін жан беріп, жан алысқан аға ұрпақтың бұл ерлігін ұмытуға тиіс емеспіз. Кітап көпшілік оқырманға арналған.

Г.К. Муқышева,

«Приозерск қалалық кітапханасы» КММ библиографы

### Дін және қоғам

Елімізде түрлі этнос пен конфессия өкілдерінің бірлікте өмір сүруі – татулықтың нәтижесі. Мемлекетіміз ешкімді тілі мен дініне қарап бөлместен, барлық азаматтарға тең құқылы мүмкіндік беру арқылы ішкі және сыртқы тұрақтылықты сақтап келеді. Бұл ынтымақтастық пен ауызбіршілік елдегі Ата заң арқылы қамтамасыз етілген. Осы орайда, Қазақстан өзін демократиялық, зайырлы мемлекет екенін бекітіп, мемлекет пен діннің ара-қатынасын реттейтін зайырлылық қағидаттарына сүйенетінін айқындады. Конституциялық негіздегі «зайырлылық» ұғымы мемлекеттің барлық салаларында, соның ішінде дін саласында да ашық, айқын саясат ұстанатынын, азаматтардың ар-ождан бостандығын қамтамасыз ететінін, дін мен мемлекеттік саясатты араластырмайтынын білдіреді.

Қазіргі уақытта зайырлылық турасында көптеген анықтамалар мен түсініктер қалыптасқан. Соның бірі, зайырлылық – барлық діндерге қатысты бейтараптық ұстану, мемлекеттің діни танымдардан тәуелсіз және кез келген теологиялық тұжырымдамалардан еркін болуы деген мағынаны білдіреді.

Қазақстан мемлекет ретінде жалпыұлттық тұрғыда қабылдаған ел Конституциясы мен заңдарына сүйеніп қызмет атқарады. Сөйкесінше, діни талаптар мен ережелер, діни бірлестіктердің құжаттары біздің елімізде құқық негізі болып есептелмейді және мемлекеттік органдардың тікелей қызметіне әсер ете алмайды. Мемлекет

## ЗАЙЫРЛЫ МЕМЛЕКЕТ – ТАРИХИ ТАҢДАУЫМЫЗ

заңнамаларының қандай да бір діни нормалармен байланысы болмаса да, заң діни нормалардың жалпы адами және гуманитарлық бағыт-бағдарын ескереді. Қазақстанда қандай да бір діни соттың құзыреті мойындалмайды. Осы тұрғыдан алып қарағанда, зайырлылық дегеніміз Қазақстандағы қазіргі заманғы құқықтық мемлекеттің қалыптасуы мен қызмет етуінің негізгі принциптері болып табылады. Ал мұндай республикадағы мемлекеттік-конфессиялық қарым-қатынас зайырлы заңдар негізінде жүзеге асырылады.

Қазақстанда тіркеуден өткен діни бірлестіктердің, азаматтардың ұстанатын дініне қарамастан, құқықтарының теңдігі қамтамасыз етілген. Ел Конституциясы кез-келген адамның діни сенім еркіндігінің кепілі бола алады, сондай-ақ, конфессиялық белгілер бойынша кез-келген бөлінушілікке қарсы. Осы тұста 2011 жылдың 11 қазанында қабылданған «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңының кіріспе сөзінде «Қазақстан халқы мәдени және рухани өмірінің дамуында Қазақстан халқының рухани мұрасымен біте қайнасқан исламның ханафилік бағыты мен православиелік христиан дінінің тарихи рөлін мойындайды» деп жазылғанын айта кету керек. Сонымен бірге, бұл тек осы конфессиялардың ел

үшін мәдени маңыздылығын ғана білдіреді және діни бірлестіктер құқықтарының теңдігіне шек келтірмейді, себебі заң оларға қандай да болмасын құқықтық немесе қаржылай артықшылық бермейді.

Еліміздің мемлекеттік білім және тәрбие беру жүйесінің сипаты да зайырлы екенін және оның діни білім беру жүйесінен ажыратылғандығын айтып кеткен жөн. Осы тұрғыдан зайырлылық ұғымы – білім беру мекемелерінде белгілі бір дінді насихаттауға қарсы дегенді білдіреді. Дінді насихаттау құқығы тек республикалық немесе аймақтық мәртебесі бар діни бірлестіктің құзыретінде ғана.

Кез келген Қазақстан азаматы үшін діни бірлестіктердің адамның құқықтары мен бостандықтарын бұзуға, соның ішінде адамды дін ұстануға күштеуге, неке бұзуға немесе туыстық қарым-қатынасты тоқтатуға, денсаулығына нұқсан келтіруге және мүлкінен айыруға, руханилығына тіл тигізуге, сонымен қатар, Конституция мен заңнамаларда көрсетілген міндеттерін орындаудан бас тартуына құқығы жоқ екенін білуі қажет.

Керісінше, мемлекет діндар адамды Қазақстанның толық құқылы азаматы, ал діни бірлестіктерді мәдени, әлеуметтік маңызды қызметті жүзеге асырушы негіз ретінде танып, қарым-қатынас орнатуға талпыныс жасайды. Мемлекет діни

бірлестіктермен қоғамдағы келісім, өзара түсіністік, төзімділік пен құрмет тұрғысынан да байланыс орнатады. Діни бірлестіктер Қазақстан халқының дәстүрлі діни құндылықтарын сақтау мен дамыту бағытында қоғамдық маңызды іс-шараларды өткізуге қатысады.

Елбасының «Қазақстан – 2050» Стратегиясы» атты Қазақстан халқына Жолдауында көрсетілгендей, мемлекеттің зайырлылық сипаты – бұл Қазақстанның табысты дамуының басты негізі. Рухани және діни құндылықтар – мемлекет өмірінің барлық салаларының дамуы мен жалпы көркеюін тежейтін емес, керісінше арттыратын жарқын болашақ. Бұл – шарықтауға, білім алып, өзін өзі дамытуға жетелейтін, адам құқықтарын сақтау мен елдің демократиялық келешегін білдіретін зайырлылық. Демек, «зайырлылық» ұғымы мемлекет пен діннің өзара қарым-қатынасын реттейтін, қоғам тұрақтылығы үшін ең басты құндылық болып табылатын ұстаным деп қабылдаған жөн.

Оспан Гүлмира,  
ҚР ДИАҚМ ДІК

Дін мәселелері жөніндегі ғылыми зерттеу және талдау орталығының ғылыми қызметкері

«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» тапсырысы аясында

## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІ БАЛАБАҚШАДА ПАЙДАЛАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Қазақстан Республикасы соңғы жылдарда жас ұрпақты тәрбиелеуде әлімнің соңғы жетістіктерін игеруде алға ұмтылуда. Оны біз мектепке дейінгі тәрбие беру мәселелерін күн тәртібіне қойып, оны жан-жақты дамытуды көздеген реформалардан білеміз.

Жас ұрпақ - біздің келешегіміз, оны жан-жақты тәрбиелеу, оның білімге құштарлығын ояту, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру - балабақша тәрбиешілерінің басты міндеті болады. Табиғат - біздің ортақ үйіміз. Қазіргі кезеңде әлемдегі экологиялық жағдайда адами көзқарасқа экологиялық тәрбие беру - заман талабы болмақ. Келешекте балалар кім болса да, олар қоршаған ортада өз рөлдерін біліп, табиғат заңдылықтары бойынша өз

түсініктері болуы керек. Біз баланы табиғатты пайдаланып қана қоймай, оған қамқор болуға, оны күтіп аялауға үйретуіміз керек. Біз табиғат факторларын суды, ауаны және күнді қолдана отырып экологиялық тәрбие мәселелерін шешеміз. Балабақшада табиғат жайында алғашқы ұғымды қалыптастыра отырып, қарапайым білім беріп, тірі және өлі табиғаттағы құбылыстар жөнінде нақты және жалпылама танымдарын қалыптастыра тәрбиелеуді ұштастыру керек. Балаларға таныс құбылыстар жайында көз жеткізе отырып, түсінік беру, олардың қоршаған орта, табиғат жайында білімдерін толықтырады. Мысалы тірі табиғат және өлі табиғат не екендігін өсімдік, жануар және құс өсіп дамиды, өсімдік дамиды, жануарлар көбейеді, баласын

сүтпен асырайды, құс жұмыртқалайды деген сияқты тірі табиғаттың т.б. ерекшелігі, өлі табиғат су, тас, күн бұлт, жел өзгеріссіз ағымда болатынын түсіндіру арқылы жас ұрпақтың білімі толықтырылады.

Әрине жас ұрпақты табиғатты сүйуге, оның адам өмірі үшін маңыздылығы, қазіргі кезеңдегі экология мәселелерін терендете оқыту мен тәрбиелеуді жүйелі түрде әрі қарай жалғастыру - заман талабы. Сондықтан жас ұрпақты жан-жақты білімді жеке тұлға ретінде қалыптастыру тәрбиешілердің шеберлігі мен білімділігіне байланысты болмақ.

Феруза Тажимаева,  
«Еркетай» шағын орталығының тәрбиешісі

### Жаста берген тәрбие - жас шыбықты игендей



### Бала тәрбиесі баршаға ортақ

Балабақша қабырғасында жүрген бүгінгі жас бүлдіршін - еліміздің келешегі, тәуелсіз мемлекетіміздің болашақ азаматы. Жас ұрпақтың елін сүйген азамат болып бой түзеуі бәріміз үшін өте маңызды. Бүлдіршіндерді өзін-өзі жетілдіру жолына бастайтын да, көмектесіп көтермелейтін де, педагог, мұғалім және тәрбиеші.

Дегенмен, бала тәрбиесі ана сүтінен басталады. Тәрбиенің ең алғашқы бастамасын саби отбасында алса, мектеп жасына дейінгі тәрбие балабақшадан жалғасады. Яғни, бала тәрбиелене отырып білім алады. Бала отбасында жақсыны да, жаманды да бойына

сіңіре алады.

Халқымыз «Бала ұяда не көрсе, ұшқан»



да соны іледі» - деп тегін айтпаған. Сондықтан балабақшадағы оқу тәрбие ісіндегі бас-

ты мақсат отбасымен тығыз байланыста жұмыс жүргізу болып саналады. Дегенмен, менің ойымша балабақша мен ата – аналар арасындағы жұмысты жүргізу әлі күнге дейін өзекті мәселенің бірі болып келеді. Сол себепті балабақша жұмысы бүлдіршіндерге ең жақын адамдардың өздерімен бірлесіп отырып, тәрбие ісіне араласуын қалайды. Отбасында тәрбиенің тиімді болуы ондағы қарым-қатынас түрлерінің дұрыс қалыптасуына байланысты. Бала ерқашан ата-анадан жүрек жылуын, мейірімділікті күтеді. Бала үшін ата-ана игілікті іс жасаушы, үлгі өнеге көрсетуші және ақыл кеңес айту-

шы болып табылады.

Педагог-тәрбиешілер ата – аналармен жұмысты тренинг, семинарлар және кеңестер арқылы іске асырады. Ата-ана және әлеуметтік орта, яғни балабақша, болашақ азаматтың денсаулығын жастайынан сақтап, оның дұрыс қалыптасуына, салауатты өмір салтын нығайтуға ерекше мән беруі тиіс. Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл парасаты мен мәдени өрісі мол білімді етіп тәрбиелеу – біздің басты борышымыз.

«Еркетай» шағын орталығы





## ҚАЛА ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

## К СВЕДЕНИЮ ЖИТЕЛЕЙ ГОРОДА

## ЖОБА

## ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ТҮРҒЫН ҮЙ СЕРТИФИКАТТАРЫНЫҢ МӨЛШЕРІН ЖӘНЕ АЛУШЫЛАР САНАТЫНЫҢ ТІЗБЕСІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 68 бабының 3), 9), 11) тармақшаларына, «Тұрғын үй сертификаттарын беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 20 маусымдағы № 417 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18883 тіркелген) сәйкес, Приозерск қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Тұрғын үй сертификаттарының мөлшерін және алушылар санатының тізбесін 1, 2 қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

Сессия төрағасы Ұ. Алмас  
Қалалық мәслихат хатшысы Б. Сарсембеков

Приозерск қалалық мәслихатының  
2020 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ шешіміне  
1 қосымша

### ТҮРҒЫН ҮЙ СЕРТИФИКАТЫНЫҢ МӨЛШЕРІ

1. Қарыз сомасынан 10 %, алайда әлеуметтік көмек түрі ретінде 1 (бір) миллион теңгеден артық емес.

2. Қарыз сомасынан 10 % дейін, алайда әлеуметтік қолдау түрі ретінде 1 (бір) миллион теңгеден артық емес.

Приозерск қалалық мәслихатының  
2020 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ шешіміне  
2 қосымша

### ТҮРҒЫН ҮЙ СЕРТИФИКАТТАРЫН АЛУШЫЛАР САНАТЫНЫҢ ТІЗБЕСІ

№	Атауы
1	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған).
2	«Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградаланған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана данқы» ордендерімен наградалған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған).
3	Толық емес отбасылар (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған).
4	«Еңбек ресурстарын болжаудың ұлттық жүйесін қалыптастыру және оның нәтижелерін пайдалану қағидаларын бекіту тура- лы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2019 жылғы 29 наурыздағы № 154 бұйрығымен бекітілген, Еңбек ресурстарын болжаудың ұлттық жүйесін қалыптастыру және оның нәтижелерін пайдалану қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18445 тіркелген) сәйкес құрылатын еңбек ресурстары- ның болжамы есебімен, еңбек және жұмыспен қамту статистикасы бойынша статистикалық байқауларды талдау негізінде денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, спорт салаларындағы бюджеттік ұйымдарының мамандары және өзге де салалардағы ма- мандар (жергілікті атқарушы органдарында тұрғын үй алуға кезекте тұрған).

«Приозерск қаласының ЖҚЖӘББ» ММ

## ПРОЕКТ

## ОБ УТВЕРЖДЕНИИ РАЗМЕРА И ПЕРЕЧНЯ КАТЕГОРИЙ ПОЛУЧАТЕЛЕЙ ЖИЛИЩНЫХ СЕРТИФИКАТОВ ПО ГОРОДУ ПРИОЗЕРСК

В соответствии с Законом Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», подпунктами 3), 9), 11) статьи 68 Закона Республики Казахстан от 16 апреля 1997 года «О жилищных отношениях», приказом Министра индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан от 20 июня 2019 года № 417 «Об утверждении правил предоставления жилищных сертификатов» (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 18883), Приозерский городской маслихат **РЕШИЛ:**

1. Утвердить размер и перечень категорий получателей жилищных сертификатов согласно приложениям 1, 2.

2. Настоящее решение вводится в действие со дня его первого официального опубликования.

Председатель сессии Ұ. Алмас  
Секретарь городского маслихата Б. Сарсембеков

Приложение 1  
к решению Приозерского городского маслихата  
от «\_\_» \_\_\_\_\_ 2020 года № \_\_\_\_\_

### РАЗМЕР ЖИЛИЩНОГО СЕРТИФИКАТА

1. 10 % от суммы займа, но не более 1 (одного) миллиона тенге в виде социальной помощи.

2. До 10 % процентов от суммы займа, но не более 1 (одного) миллиона тенге в виде социальной поддержки.

Приложение 2  
к решению Приозерского городского маслихата  
от «\_\_» \_\_\_\_\_ 2020 года № \_\_\_\_\_

### ПЕРЕЧЕНЬ КАТЕГОРИЙ ПОЛУЧАТЕЛЕЙ ЖИЛИЩНЫХ СЕРТИФИКАТОВ

№	Наименование
1	Семьи, имеющие или воспитывающие детей-инвалидов (состоящие в очереди на получение жилья в местных исполнительных органах).
2	Многодетные матери, награжденные подвесками «Алтын алқа», «Күміс алқа» или получившие ранее звание «Мать-героиня», а также награжденные орденами «Материнская слава» I и II степени, многодетные семьи (состоящие в очереди на получение жилья в местных исполнительных органах).
3	Неполные семьи (состоящие в очереди на получение жилья в местных исполнительных органах).
4	Специалисты в отрасли здравоохранения, образования, культуры, спорта и иных отраслей, на основе анализа статистических наблюдений по статистике труда и занятости, а также с учетом прогноза трудовых ресурсов, формируемых согласно Правилам формирования национальной системы прогнозирования трудовых ресурсов и использования ее результатов, утвержденных Приказом Министра и социальной защиты населения Республики Казахстан от 29 марта 2019 года № 154 «Об утверждении Правил формирования национальной системы прогнозирования трудовых ресурсов и использования ее результатов» (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 18445) (состоящие в очереди на получение жилья в местных исполнительных органах).

ГУ «ОЗиСПр города Приозерск»

## ҮШТІЛДІЛІК САЯСАТЫ - ЖАСТАРДЫҢ БОЛАШАҒЫ

Тәуелсіздік алғалы бері жүргізіліп келе жатқан тіл туралы онды көзқарастың қалыптасқаны қуантады. Өйткені, тіл мен тәуелсіздік егіз ұғым. Сондықтан да тіл – тәуелсіздігіміздің қуатты құралы, асыл ой мен парасат белгісі ретінде елдігіміз бен бірлігіміздің туы деп мақтанышпен айта аламыз. Бүгінгі таңда ұлттық руханиятымыздың өзегіне айналған Мемлекеттік тілдің мәртебесі биік екеніне күмәніміз жоқ. Алаш қайраткері А.Байтұрсынұлы: «Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрғымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін азырақ тырысады» - деуі де осының айғағы. Әр халық ана тілін дамытуына, әлемдегі бүкіл елдің мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі ұжымдық құқығын жүзеге асыруына заң жүзінде мүмкіндік

алды. Тіл заңнамасының түп негізі – Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасында «Тіл туралы» Заңы – халықаралық тіл дамытудың өлшем-үлгілеріне сәйкес келеді.

Бүгінгі білім беру жүйесі модернизацияланған заманда көп тілді меңгертуге мол мүмкіндік жасалды. Бірнеше тілді меңгерген күзиретті тұлғаны қалыптастыру – әлемдік білім кеңістігінің құпияларына үніліп, қоғамға бейім, бәсекеге қабілетті ұрпақты тәрбиелеуді көзделді.

Үштілді оқыту – заман талабы. Демек, бұл бәсекеге қабілетті елдер қатарына апарар басты баспалдақтардың бірі болып есептеледі. Осыны негізге ала отырып, «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» басты мақсатына үнілсек, Елбасының үш-тұғырлы саясаты аясында шетел тілін үйреніп қана қоймай, өзге тілді кадрлейтін тұлғаны баулуымыз қажет. Алайда, ең алдымен, өз

тілінде еркін сөйлеп, өз тілін құрметтейтін тұлғаны қалыптастыру – мұғалімдер мен тәрбиеші-ұстаздардың еншісіне жүктелді. Қоғам даму үстінде. Осыған орай, тіл игеру мүмкіндіктерін орында пайдалану бүгінгі білім ордалары үшін үштілділікті енгізудің және оны тиімді жүргізудің тың жолдарын жүзеге асыруда.

№1 жалпы орта білім беретін мектепте оқушыларға үштілділікті игерту мақсатында тіл бірлестіктеріне үлкен жауапкершілік жүктелген. Атап, айтсақ, «Тіл – татулық тірегі» атты үш тілде мәнерлеп оқу сайысы, «Тіл шебері» үш тілде жас конференсье-жүргізушілердің байқауы, «Тіл тазалығын сақтайық» акциясы өткізіледі. 2020 жылдың қараша айының басында 9-10 сыныптардың оқушылары арасында мектепшілік «Тілдарын-2020» олимпиадасы болып өтті. Сайысқа қатысқан 10 оқушының ішінде Орынбасар Жәмила Ерболқызы, Раджапбай Ақерке Қуанышбекқызы және Қосыбаева Алия

### Заман талабы

Джамбулбековна секілді оқушыларымыз өз білімімен көзге түсіп, қалалық «Тілдарын-2020» сайысына жолдама алды.

Жыл сайын өткізілетін қала және облыс көлеміндегі дәстүрлі Абай, Пушкин оқуларына, қазақтың классик акын-жазушыларының мерейтойына арналған түрлі конкурстарға оқушыларымыз тұрақты түрде қатысып, жүлделі орындарға ие болуы – мұғалімнің ерен еңбегі екенін айқындайды.

Болашақта жастарымыз өз ана тілін ардақтай отырып, заман талабы тудырып отырған үш тілде еркін сөйлеп, әлемнің кез-келген елімен бәсекеге қабілетті екенін байқатып жатса, онда әрбір мұғалімнің еңбегі ақталып, мәртебесінің биікке көтерілгені деген сенімді ұялатқаны деп білеміз!

Г. Қалманова,  
«Приозерск қаласы №1 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары

**Собственник:** ИП Струментов А.В.  
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.  
**Адрес редакции:** 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5, 106-107  
**Справки по тел.:** +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)  
**E-mail:** prz\_westnik@mail.ru **Веб-сайт:** www.prz\_westnik.kz  
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15, Заказ № 51/695. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

**Главный редактор:** Кенжебеков Б.А.  
**Технический редактор:** Струментов А.В.  
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63  
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz\_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г. Приозерске и г. Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.  
**Подписной индекс - 65041**

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.